

МОЙЫНҚҰМ

ТАҢЫ



МОЙЫНҚҰМ
АУДАНДЫҚ
ГАЗЕТІ



№79
(7162)
жұма
24 қазан
2025 жыл

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ

moynqum.kz

moinkum_tani@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘЗЕРБАЙЖАН ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



«Ақорда» резиденциясында Әзербайжан Президентінің ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Екі елдің ағурандары орындалған соң президенттер келіссөз залына барды.

– Сізді мемлекеттік сапарыңыз аясында Қазақстанда қарсы алу – мен үшін үлкен мәртебе. Бұл – елдеріміздің арасындағы стратегиялық серіктестік

пен одақтастық қатынастарды одан әрі дамыту тұрғысынан өте маңызды оқиға. Қазақстан мен Әзербайжан тек достас елдер емес, сондай-ақ бауырлас халықтар. Сондықтан Сіздің еліңізбен сан қырлы ынтымақтастықты өркендетуге баса мән береміз. Қазіргі кезде Әзербайжан Сіздің қуатты көшбасшылығыңызбен халықаралық аренадағы абырой-беделін елеулі түрде арттырды, өз өңірінде ықпалды мемлекет ретінде өте маңызды рөл атқарады. Біз үшін Әзербайжанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты және саяси серіктестікті

нығайту – аса өзекті міндет, – деді Мемлекет басшысы.

Ильхам Әлиев қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, қазақ-әзербайжан байланысы барлық бағытта қарқын алғанын атап өтті.

– Бүгінде Қазақстан дамудың жоғары деңгейін көрсетіп отыр. Еліңіздегі қоғамдық-саяси жағдай тұрақты, экономикалық даму қалыпты. Сіз жүргізіп жатқан реформаларды зор қызығушылықпен бақылап отырмыз. Еліңізді жаңғырту мен әлеуетін арттыру жолындағы бағдарыңызды толық қолдаймыз. Екіжақты қарым-қатынастың стратегиялық, одақтастық сипат алғанын атап өттіңіз. Біз барлық бағыттағы ықпалдастықты нығайтуға ниеттіміз. Бүгінгі келіссөз, сондай-ақ Жоғары мемлекетаралық кеңес отырысы барысында ауқымды күн тәртібін тағы да пысықтап, өзара серіктестіктің алдағы қадамдарын айқындаймыз, – деді Әзербайжан Президенті.

Мемлекеттер басшылары сауда-экономика, инвестиция, ауыл шаруашылығы және көлік-транзит салаларындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін жан-жақты талқылады. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық ықпалдастыққа назар аударды.

Тараптар аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Akorda.kz



АУДАН ӘКІМІ ЕРМЕК КАРЕНТАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Айтұлы мерекенің араға ондаған жылдарды салып, қайта оралуын халық жақсылықтың нышаны ретінде қабылдайды.

25 қазан – қазақ халқы үшін тарихи күн. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болды. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын бұл күн қазақ халқының мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы. Бұл күн ата-бабаларымыз аңсаған арманының жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған күн.

Бүгінде әлемнің алпауыт елдері мойындаған Қазақстан Республикасының қалыптасу кезеңі өте күрделі. Ұлан байтақ алқапты алып жатқан қазақ даласы аса ауыр кезеңдерді бастан өткерді. Біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлар жүріп өткен жолы, бұралаң соқпақтары – табиғат тағдырдың қазақ халқына берген сынақтары іспетті.

Осындай сынақтардан қазақ халқы сүрінбей, тізесі бүгілмей, еңсесін биік ұстап, аман-есен өтті. Тағдырдың бұл сынақтары қазақ халқын ширатты, шыңдады. Рухы биік, өр халық намысын ешкімге таптатады. Ғасырлар бойы дербес, тәуелсіз мемлекет болуды аңсаған ата-бабаларымыздың арманы 1991 жылы орындалды. Әлем тарихында тұңғыш тәуелсіз Қазақстан Республикасы пайда болды.

Дәуіріміздің шежірелі жылдарында үлкен жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі. Баянды болашаққа бет алған тәуелсіз Қазақстан Республикасы – ортақ жетістігіміз, ортақ мақтанышымыз!

Республика күні мерекесі құтты болсын! Баршаңыздың отбастарыңызға амандық, елімізге тыныштық, береке мен бірлік тілеймін!

СЕССИЯ

АУДАН ӘКІМІ ДЕПУТАТТАР АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ



Жуырда аудандық мәслихаттың мәжіліс залында аудан әкімі Ермек Карентаев халық қалаулыларының алдында есеп беріп, ауданның биылғы тоғыз айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын баяндады.

Жиында аудан экономикасының басты салаларындағы өсім, инженерлік инфрақұрылымның дамуы, ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік нысандардың құрылыс барысы, сондай-ақ алдағы жоспарлар кеңінен қамтылды.

Әкім өз сөзінде ауданның өнеркәсіп өндірісі 117,9 миллиард теңгеге құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 31,7 миллиард теңгеге артқанын атап өтті. Ауыл шаруашылығы саласында да оң көрсеткіш байқалады – жалпы өнім көлемі 5,1 миллиард теңге, бұл өткен жылмен салыстырғанда 520 миллион теңгеге артық. Инвестиция тарту көлемі де өсіп, 21,8 миллиард теңгеге жеткен.

Бөлшек сауда айналымы 5 миллиард теңгеге дейін өсіп, былтырғыдан 1,7 миллиард теңгеге артық орындалған. Ал тұрғын үй құрылысы бойынша 3353 шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Бұл – өткен жылдың осы кезеңінен 13 пайызға жоғары көрсеткіш.

Ауданның маңызды бағыттарының бірі – ауыз су және инфрақұрылым мәселесі. Быыл Ақсуіек, Ақбабай, Хантау және Қашқантеңіз ауылдарында сумен жабдықтау құрылыстары қарқынды жүргізілуде. Бірқатар нысандарда жұмыс 90-95 пайызға орындалған, кейбірі жыл соңына дейін пайдалануға берілетін.

Жол жөндеу жұмыстары да назардан тыс қалмаған. Аудан бойынша был 390 миллион теңгеден астам қаржы бөлініп, 9 ауылшілік көшенің жолы жөндеді. Биназар, Қылышбай және Ақсуіек ауылдарындағы жобалар «Ауыл – Ел бесігі» және «Паритет 50/50» бағдарламалары аясында жүзеге асуда. Сонымен қатар, Радай өзеніндегі көпір құрылысы 90 пайызға аяқталған, ал Қарабөген ауылына кіреберісегі жаңа көпір 2026 жылы толық пайдалануға берілетін.

Энергетика және газдандыру бағытында да ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Мыңарал, Ақсуіек және Мирын ауылдарының ескі электр желілері жаңартылуда. Ал ауданымыздағы 9 ауылды газдандыру жобасы 7 кезеңге бөлініп жүзеге асып келеді. Қазіргі таңда Шу ауданы мен Айдарлы ауылына дейінгі 68 шақырымдық магистральдің 40 шақырымы тартылған.

Тұрғын үйімен қамту мәселесі де назарда. Жылда көпбалалы және әлеуметтік осал топтар үшін 20 пәтер сатып алу көзделген. Оның алғашқы 10-ы жеке кәсіпкер есебінен

салынып жатыр. Мәдениет пен спорт саласында да жаңалық көп. Айдарлы ауылындағы спорттық-сауықтыру кешені мен жаңа кітапхана мен клуб толық аяқталып, пайдалануға берілді. Бірлік ауылындағы стадионды қайта жаңғырту және Мойынқұм ауылындағы жаңа футбол алаңы – тұрғындардың спортқа деген қызығушылығын арттырған жобалардың бірі. Аудан орталығын көркейту мақсатында абаттандыру жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Амангелді көшесі бойындағы үйлер мен қоршаулар жаңарып, жарықтандыру шамдары мен декоративті инсталляциялар орнатылды. Бірлік пен Биназар ауылдарындағы сабақтар жаңарып, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштер қалпына келтірілді.

Ауыл шаруашылығында ағын су мәселесін шешу де басты назарда. Быыл су арналары мен тоғандарды тазалау жұмыстарына 75 миллион теңгеден астам қаржы бөлініп, нәтижесінде 4,1 мың гектар егстік алқап игерілді.

Білім беру саласында 44 білім ошағы жұмыс істеп тұр. 5196 оқушыны қамтитын 23 мектеп пен 15 балабақша бар. Бірқатар нысандарда апатты жағдайдың алдын алу мақсатында жөндеу мен қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынған.

Кәсіпкерлікті қолдау бағытында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 24 жоба жоспарланып, оның 6-ы қаржыландырылған. Қос өсіру, ағаш өңдеу, сулулық салоны сияқты шағын кәсіптерге нақты қолдау көрсетілуде.

Бюджеттің кіріс бөлігі жоспардан асыра орындалған. 9 айдың қорытындысы бойынша ауданның меншікті кірістері 2,7 миллиард теңгеге құрап, жоспар 109 пайызға орындалған.

Жиында түйіндеген аудан әкімі Ермек Карентаев өз сөзінде:

«Мойынқұмның әлеуеті жоғары. Біз барлық жоспарланған жобаларды толық аяқтап, аудан тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жалғастырамыз», – деді.

Осылайша, биылғы тоғыз ай ауданымыз үшін нақты істер мен нәтижелі көрсеткіштердің кезеңі болды. Ауылдардың ажары артып, халықтың тұрмыс сапасы жақсаруда.

Айдос ҚОСЫБАЙ,
«Мойынқұм таңы».
Суретті түсірген автор.

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

АЙМАҚТАҒЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Ермек Амангелдіұлы Карентаевтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтті.

Кеңестің күн тәртібінде ауданның әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысты маңызды алты мәселе қаралды.

Алдымен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Төлегенов 2025–2026 жылғы қысқы жылыту маусымының барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, барлық әлеуметтік нысандарға жылу толық берілген. Биылғы маусымда жылу қазандықтарының жұмысы ретке келтіріліп, отын қоры жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген. Дегенмен кейбір білім нысандарына қатты отын толық жеткізілмеген және бірқатар мектептерде от жағушылар тапшылығы байқалады. Аудан әкімі бұл бағыттағы жұмыстардың сапалы әрі уақтылы орындалуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Келесі мәселе – күзгі көріктендіру, абаттандыру және санитарлық тазалық жұмыстарының жайы болды. Бұл жөнінде де Бауыржан Төлегенов баяндама жасап, аудан көлемінде өткізілген сенбіліктер, ағаш егу, қоқыс шығару және көше тазалау шаралары туралы айтып өтті. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» акциясы аясында елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстардың жүйелі жүргізіліп жатқанын баяндады. Аудан басшысы тазалық мәдениетін арттыру мен елді мекендердің көркін сақтау әрі азаматтың ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті.

Кеңестің келесі бөлімінде аудандық кірістер басқармасының

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰРМЕТ

ЕҢБЕГІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНГЕН АЗАМАТТАР МАРАПАТТАЛДЫ



Қазан айының үшінші онкүндігі ауданымызда ерекше рухта өтті. Бірінен соң бірі аталып өткен қос кәсіби мереке – Орман шаруашылығы қызметкерлері күні мен Құтқарушы күні аясында ауданның қоғамдық және кәсіби өмірінде елеулі еңбек еткен азаматтар марапатталды.

Аудан әкімі Ермек Карентаев салтанатты жиындарда сөз сөйлеп, табиғатты қорғау мен адам өмірін сақтауды еңбегі өлшеусіз жандарға алғыс білдірді. Оның айтуынша, орманы мен құтқарушының жұмысы – сырт көзге байқала бермейтін, бірақ қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігі солардың иығында тұрған аса жауапты сала.

Орман шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай бірқатар азаматтар аудан әкімінің «Ауданға сіңірген еңбегі үшін»

төсбелгісімен марапатталды. Олардың қатарында Көктерек ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің бас есепшісі Күлдірхан Күлназарқызы Жабаниева, Ұланбел мекемесінің слесары Нұрлан Тұрсынбеков, Мойынқұм мекемесінің директоры Бауыржан Шайшаев және Бұрылбайтал мекемесінің орманшы көмекшісі Шолпан Молдахметова бар.

Сондай-ақ орман шаруашылығы саласын дамытуға қосқан үлестері үшін Көкірекбай Құдайбергенов, Әділбек Зорбаев және Нұржан Иманалиев «Мойынқұм ауданына 60 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Ал Гүлшат Райымбекова, Жәнібек Көшекөв пен Қайсар Асанғабайлов аудан әкімінің Құрмет грамотасына ие болды. Осы саланың белсенді өкілдері Асылхан Жекеев пен Рустам Ханшалов Алғыс хатпен марапатталды.

Мерекелік марапаттар легі мұнымен шектелген жоқ. 19 қазан – Құтқарушы күні қарсаңында ауданның төтенше жағдайлар және өрт сөндіру бөлімдерінің қызметкерлері мен ерікті жасақшылар да лайықты бағасын алды.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі мен қызметтік борышына адалдығы үшін Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Мейірбек Дүйсембаев, №18 өрт сөндіру бөлімінің бастығы Нұрболат Дүйсенов, жүргізуші Қуаныш Оспанов және бас маман Ербол Қашқынбаев «Мойынқұм ауданына 60 жыл» медалімен марапатталды.

Құтқарушылар арасынан Серік Толысбеков пен Нұрсұлтан Сейіткамалов аудан әкімінің Құрмет грамотасын иеленсе, алғыс хатқа Дархан Мұратәліұлы, Манбетқали Халықов, Елдар Жарылқасын, Қайырхан Ишанбеков, сондай-ақ ерікті жасақшылар Нұрлан Токбаев, Айбар Иманов және Нұрхат Сарыбаев ие болды.

Марапат иелеріне құттықтау сөз арнаған аудан әкімі Ермек Карентаев олардың кәсіби шеберлігін, табандылығын және туған жерге деген адалдығын ерекше атап өтті. «Орманшылар мен құтқарушылар – ауданның тыныштығы мен қауіпсіздігінің тірегі. Сіздердің еңбектеріңіз қоғам үшін зор құрмет пен алғысқа лайық», – деді ол.

Жиын соңында аудандық мәслихат төрағасы Н. Саурықов пен «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы М.Көшімбаев та белсенді азаматтарды марапаттады.

Айдос ҚОСЫБАЙ,
«Мойынқұм таңы».

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – МӘҢГІЛІК РЕСПУБЛИКА!

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ТЕК МЕРЕКЕ ЕМЕС, ТАҒДЫР!

Кейде елді ұран емес, ерлік ұстап тұрады. Ал елдің ерлігі – өз мемлекеттілігін сақтау мен қадірлеуде. Республика күні – жай ғана күнтізбедегі дата емес. Бұл – қазақ халқының «біз бармыз, және боламыз!» деп тарих сахнасына қайта шыққан күні.



1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР-і өзінің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады. Сол күн – бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның іргетасы қаланған сәт еді. Сол бір қағаздағы әр жол, әр сөйлем – ғасырлар бойы бодандықтың тозағынан өткен халықтың ең бірінші «БІЗ!» деп сөйлеген дауысы болатын.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

Республика күні - бұл күнді сан ғасырлар бойы бабаларымыз аңсап, найзаның ұшымен, білектің күшімен тәуелсіздікке қол жеткізді. Он үш жылдан кейін қайта оралған мереке бүгінгі күн барша қазақ елі үшін қуанышты жайт.

Республика күні – нағыз қазақтың кеудесі қуанышқа толы болатын, халықтың думандайтып тойлайтын, мерекелік көңіл-күй орнайтын, сыйлайтын айтулы күн.

Елім деп еңіреп, жұртым деп жамырап, жан қиған қазғарымыз ежелден еркіндік аңсаған. Сондықтан қазірге дейін Қазақстан көптеген қиындық жолдардан өтті деуге болады, себебі өзінің егемендігін, тәуелсіздігін жариялау үшін қаншама қарақөз апаларымыз, боздақ бозбала ағаларымыз кеудесін оққа тосты, жан кешті. Осы уақыттан кейін Қазақстан әлемде жеке дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні

мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

Еліміздің көркейіп, өркендеуіне бұл кісінің қосқан үлесі орасан зор. Жазық далаға ел жүрегі – Астана қаласын салып, оны әлем жұртына танытты. Тарихымыз шежіреге толы, байлығымыз жер астында, қазақтың байтақ даласын да Мәңгілік Ел кестесінің 99 элементтері орналасқан. Ауыз толтырып айтатындай біздің құндылығымызға бүкіл әлем қызығады әрі көз тігеді. Қазір жерімізде ынтымағы жарасқан өзге ұлт өкілдері тұрады. Дүниежүзі елдерімен достығымызды жарасқан, бірлігіміз біте

Қазір біз тәуелсіз елміз. Бірақ тәуелсіздіктің дәмін сезіну – тек шекарамен өлшенбейді. Ол – ой еркіндігі, тілге құрмет, жерге адалдық, ұлтқа жанашырлық. Республика – әр қазақтың бойындағы рух пен жауапкершілік.

Біздің еркіндігіміз – ата-баба аманаты. Ал сол аманатты сақтау – әрқайсымыздың күнделікті ісіміздің айнасы болуы керек.

Иә, тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Бірақ оны ұстап тұру – одан да қиын. Өйткені қазір елдің бірлігі – нағыз сынақ үстінде. Уақыт өзгерді, қоғам күрделенді. Дегенмен, рухы мықты халық ешқашан иілмейді. Қазақ та сол – иілмейді, сынбайды. Себебі біздің артымызда Күлтегінің рухы, Абылайдың айбары, Алаштың арманы бар.

Бүгінгі ұрпақтың міндеті – сол рухты тасытпай, қайта маздатып, Республика ұғымын тірі ұстау. Республика – қағаздағы декларация емес, ол сенің жүрегіңде не бар соның көрінісі.

Қазақ «ел болам десең, бесігіңді түзе» деген. Ендеше, елдік деген ұғымды сөзбен емес, іспен дәлелдейтін уақыт келді.

Жастар еңбек етсін, елге сенсін, өз жеріне, өз еліне сүйенсін. Сонда ғана Республика күні – өткеннің естелігі емес, болашақтың темірқазығына айналады.

Сондықтан бұл күн – тек мереке емес, ұлттың тамырын ұстайтын, елдің ертеңіне сенім беретін күн.

Біздің Республикамыз – ұран емес, ұлы жауапкершілік. Сол жауапкершілікті аркалап жүрген әр қазақ – мемлекеттің тірегі, елдің шын бейнесі. Бүгінгі ұрпақ елдік рухты жүрегімен сезініп, Тәуелсіздіктің отын өшірмей, одан сайын жарқырата білсе, нағыз Республика рухы деген сол!

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».



«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫНЫҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Осы аптада «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалының Саяси кеңесі Бюросының және аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшелерінің бірлескен отырысы өтті. Бірлескен отырысқа аудандық мәслихаттың депутаттары, партияның Әйелдер қанаты мүшелері, аудандық мекемелерінің қызметкерлері қатысты. Жиын барысында екі маңызды мәселе қаралды. Бірінші мәселе – аудандық әйелдер қанатының үйлестірушісі Ғалия Шубаеваның «Әйелдердің өңірлік деңгейдегі шешім қабылдау үдерісіне қатысуы» туралы баяндамасы болса, екінші мәселе – партия филиалының Саяси кеңесі Бюросының төрағасы М.Хәкімбаевтың «ҚР Президентінің халықа Жолдауын іске асыру барысы» жөніндегі хабарламасы болды.

Отырыста бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен әйелдер кеңесінің мүшелері белсенді талқылаулар өткізіп, қоғамдағы әйелдердің рөлі мен көшбасшылығын арттыру, әлеуметтік-экономикалық өмірге белсенді қатысу тақырыптарын көтерді.

Ғ.Шубаеваның мәліметінше, жыл басынан бері әйелдер қанаты бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асырып, ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласты.

Партия жанындағы әйелдер қанатының негізгі мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және ұлттық дәстүрлерді ұлықтау болып табылады. Осы мақсатта аудан бойынша түрлі бағыттағы шаралар ұйымдастырылды.

«Бақытты отбасы» жобасы аясында «Балаларға базарлық» акциясы өткізілді, 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай бүлдіршіндерге тәттілер мен сыйлықтар таратылды. Сонымен қатар «Мектепке даярлайық» акциясы шеңберінде аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетілді. Қазан айында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Нұр-бала» оңалту орталығына барып, оқу құралдары табысталды. Ал жазғы демалыс кезінде мектеп лагерлеріндегі балалардың жағдайы да назардан тыс қалған жоқ.

«Ардагерлерді ардақтайық», «Ұлттық мұра», «Халыққа көмек» және «Таза Қазақстан» жобалары аясында да бірқатар игі істер атқарылды. Ардагер аналарға құрмет көрсетіліп, қолөнер көрмелері, экологиялық сенбіліктер ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты Жолдауы да партия мүшелері мен мәдениет қызметкерлері арасында кеңінен талқыланып, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жиын соңында Ғалия Бейсебайқызы аудандық филиалының әйелдер қанаты алдағы уақытта да елдің дамуына, қоғамның тұрақтылығына және ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған жұмыстарды жалғастыратынын жеткізді.

Әсел ҚУАНЫШ,
«Мойынқұм таңы».

АЙМАҚТАҒЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

басшысы Бақыт Байтик 2025 жылға арналған жергілікті бюджеттің қосымша резервтерінің орындалуы жөнінде баяндама жасады. Ол түсініктерді арттыру және салық базасын кеңейту бағытындағы шаралар туралы мәлімет берді.

Қаржы бөлімінің басшысы Лаура Қазақбаева аудан бюджетінің орындалуы барысы туралы баяндады. Ол биылғы жылдың тоғыз айында жоспарланған қаржының игерілуі жалпы оң көрсеткіште екенін, дегенмен кейбір бағыттар бойынша жұмыстарды жандандыру қажеттігін айтты. Сондай-ақ көлік салығының жиналу деңгейіне тоқталып, бірқатар ауылдық округтерде берешек бар екенін атап өтті. Аудан әкімі бұл бағытта түсіндіру және өндіріп алу жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Кеңестің соңғы мәселесі – күзгі әскерге шақыру науқанының барысына арналды. Бұл жөнінде аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы, подполковник Болат Әуелбаев баяндама жасап, әскерге шақырылатын жастарды медициналық тексеруден өткізу және жөнелту жұмыстарының жүргізіліп жатқанын жеткізді. Дегенмен кейбір ауылдық округтерде бұл бағыттағы жұмыстардың баяу жүріп жатқанын айтып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар беруді сұрады.

Кеңестің қорытындысында аудан әкімі Ермек Амангелдіұлы барлық сала басшыларына қысқа маусымға дайындықты, тазалық пен тәртіпті, бюджет пен салық түсімдерін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Сондай-ақ мемлекеттік тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуы ауданның дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатына тікелей әсер ететінін атап өтті.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ БАСТАУЫ



Осы аптада Ж.Қуанышбаев атындағы беру» мектебі мен аудандық музейдің музейде «Өнер және қосымша білім ұйымдастыруымен «Республика – тәуелсіз

елдің бастауы» атты тақырыпта әдеби-саязды кеш өтті.

Кеш өнер мектебі оқушыларының еліміздің Әнұранын орындаумен басталды.

Кеш барысында Инжу Мақсұт, Саяжан Әбибулла «Отаным Қазақстан», «Отан», «Қазақстан балалары» атты әндерді шырқап, жиналған көпшіліктің құрметіне бөленді. Ал өнер мектебінің оқушылары Отан, туған жер, ана, аяулы мектебі жайында тақпақтарды кезекпен жатқа оқыды.

Кеште өнер мектебінің ұстазы Динара Құлманова мен осы жолдардың авторы Республика күні мерекесімен құттықтаған жылы лебіздерін білдірді.

Кеш соңында музейдің қор сақтаушысы Мадина Қорғанбекова оқушыларға алғысын айтып, мерекелік сыйлықтар тапсырды.

Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
«Мойынқұм таңы».

ЖЫР-ШУМАҚ



ҚҰТТЫ БОЛСЫН ҚУАНЫШЫҢ, АҒАЙЫН!

Егемендік - асқақ арман болатын, Кеудемізге шат қуаныш толатын. Сұраушы едік жаратушы Тәңірден, Күн бар ма - деп, басқа бақыт қонатын?

Қазағымның орындалмай арманы, Есімде, орта жолда қалғаны. Ойлап достар, қалмаңыздар деп сіздер, Егемендік бір-ақ күнде орнады...

Талай ғасыр алды уайым мазаны, Тағдырдан біз көрдік талай жазаны... Егемендік келді бізге, әлі есте, Мың тоғыз жүз тоқсанның сол қазаны...

Егемендік арман еді ежелден, Сол бір арман талай ғасыр тежелген... Тәуелсіздік туын көкке көтердік, Отыз бес жыл бұрын білсем, егер мен...

Қиындықтың жеңдік біздер талайын, Қайсы бірін айтыңдаршы, санайын? Бүгінгі күн Егемендік алған күн, Құтты болсын қуанышың, ағайын!

Шәкизат ӘКІМ,
Тараз

САЙЛАУ-2025

Жуырда аудандық мәдениет үйінде Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен «Сайлау процесін даярлау мен өткізу барысындағы негізгі аспектілер» тақырыбында оқыту-семинар өтті.

САЙЛАУ ПРОЦЕСІН ДАЙЫНДАУ МЕН ӨТКІЗУ ТАЛАПТАРЫ НАҚТЫЛАНДЫ

Семинарға Жамбыл облыстық сайлау комиссиясының мүшелері, аудандық аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы, аудан әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы, аудандық жергілікті полиция қызметінің өкілі, аудандық прокуратура өкілі және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Комиссия мүшелерінің кәсіби біліктілігі мен құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған оқыту семинары Мойынқұм аудандық мәдениет үйінде өтті.

Семинар-тренингтің мақсаты – сайлауды ұйымдастырудағы теориялық және практикалық негіздерін түсіндіру, сайлау заңнамасының негіздерін және

оны сайлау процесінде қолдану практикасын түсіндіру, сондай-ақ, сайлауды ұйымдастырушылардың кәсіби құзыреттерінің деңгейін арттыру болып табылады.

Оқу-семинарын Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төраға орынбасары Талғат Салқанұлы ашып, оқыту-семинардың бағдарламасымен таныстырып өтті.

Оқыту-семинар үш бөлімге бөлінді. Бірінші бөлім түске дейін топтарға бөлініп викториналық сұрақтарға жауап беріп, кейстерге талдаулар жүргізу.

Екінші бөлім Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері қысқаша дәріс оқып, болған жағдаяттарға байланысты кейстік жұмыстар жүргізу.

Үшінші бөлім, оқылған тақырыптарды бекітуге бағытталған тест сұрақтары мен кері байланыс



сауалнамасын жүргізу.

Семинардың бағдарламасына сәйкес учаскелік сайлау комиссия мүшелері 13 топқа бөлініп викториналық сұрақтарға жауап беріп, біліктілігі және жүйріктігімен жарысқа түсті.

Бөлінген топтарға кейстік сұрақтар беріліп, топ арасынан лидерлер жауап беріп облыстық сайлау комиссия мүшелерімен талқылап отырды.

Семинардың екінші бөліміне сәйкес облыстық сайлау комиссия мүшелері:

* «Сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің кейбір мәселелері»;

* «Сайлау науқандарын ақпараттық сүйемелдеу, үгіт, ұлттық байқау мәселелері және әлеуметтік желілерді әкімшілендіру»;

* «Сайлау науқандарын өткізу тәжірибесі: алдыңғы науқандарды өткізудің кейбір мәселелері, дағдарысқа қарсы коммуникациялар, кейстік жағдаяттарды шешу»;

* «Сайлауды мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржыландыру»;

* «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңында және өзге де заңдарда қаралған жауапкершіліктер» тақырыптарында қысқа дәрістер оқып, қатысушылармен байланыс орнатып отырды.

Бағдарламаның үшінші бөлімінде барлық оқылған тақырыптарды практикалық жағынан бекітіп, тест пен сауалнама алынды.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».
Суреттерді түсірген автор.

НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ – 100

Қазақта «Елдің атын ер шығарады» десе, ғұлама ақын Илияс Жансүгіров «Ерім дейтін ел болмаса ел кемеңгерді қайдан табады» деп ұлағатты сөз қалдырған. Биылғы 2025 жылдың ерекше жыл болуы қазақ халқының екі ғұламасы, екі данасы Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл, Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуы дер едім. Екеуі де ЮНЕСКО тізіміне кіріп, қазақтың атын әлемге танытқан ұлы тұлғалар. Көктемде «ТүрікСОИ» бастамасымен «Түрік елінде басталған Нұрғисаның 100 жылдығына арналған үлкен той Қытай, Ресей сияқты алып мемлекеттерде аталып өтсе, Еуропа, Азия елдерінде жалғасын табуда. Режиссер, дирижер, күйші, композитор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Халық қаһарманы 100-ден аса әндер мен күйлердің авторы болған Нұрғиса Тілендиевті әлем елдері мойындауына қалай қуанбайсыз? Белгілі ғалым, жазушы, Зейнолла Қабдоллов «Менің Әуезовым» деген кітабының тұсау кесерінде бүй депті:

ӨТКЕН КҮНДІ ЕСКЕ АЛСАҚ... НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВТІҢ МОЙЫНҚҰМҒА САПАРЫ

Қазақта «Елдің атын ер шығарады» десе, ғұлама ақын Илияс Жансүгіров «Ерім дейтін ел болмаса ел кемеңгерді қайдан табады» деп ұлағатты сөз қалдырған. Биылғы 2025 жылдың ерекше жыл болуы қазақ халқының екі ғұламасы, екі данасы Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл, Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуы дер едім. Екеуі де ЮНЕСКО тізіміне кіріп, қазақтың атын әлемге танытқан ұлы тұлғалар. Көктемде «ТүрікСОИ» бастамасымен «Түрік елінде басталған Нұрғисаның 100 жылдығына арналған үлкен той Қытай, Ресей сияқты алып мемлекеттерде аталып өтсе, Еуропа, Азия елдерінде жалғасын табуда. Режиссер, дирижер, күйші, композитор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Халық қаһарманы 100-ден аса әндер мен күйлердің авторы болған Нұрғиса Тілендиевті әлем елдері мойындауына қалай қуанбайсыз? Белгілі ғалым, жазушы, Зейнолла Қабдоллов «Менің Әуезовым» деген кітабының тұсау кесерінде бүй депті:

Біз «Мұхтар Әуезовті мақтауымыз қажет емес, біз Мұхтар Әуезовпен мақтануымыз керек» деп өнегелі сөз айтқан. Сол айтқандай біз Нұрғиса Тілендиевпен мақтануымыз керек. 100 жылдыққа арналған мәдени іс-шаралар өз елімізде де кеңінен аталып өтуде. Мәселен, Іле ауданы, аудан орталығы Өтеген батыр ауылында 3.10.2025 жылы жұма күні озық үлгідегі саулт жобасымен, үлкен фантазия, дүзайыммен сапалы салынған Н.Тілендиев атындағы мәдениет сарайы мен тұтас бойымен, қолында домбырасы бар Нұрғисаның ескерткіш монументінің бой көтеруі халықтың көңілінен шықты. Ел риза болды. Қазақта «ештен кеш жақсы

деген». 40000-дай халқы бар аудан орталығы Өтеген батыр ауылында көп жылдан мәдениет сарайының болмауы ауыл тұрғындарының бас ауруына айналғаны рас. Бұл проблема да оң шешімін тапты. Ескерткіш монументтің ашылу салтанатына облыс әкімі Марат Сұлтанғазин, мәдениет және туризм министрі Аида Балаева, «ТүрікСОИ» жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, кинорежиссер Талғат Теменов, әнші, композитор Алтынбек Қоразбаев және Нұрғисаның қызы Динзұхра қатысып, лента қиғасын, жүрекжарды лебіздерін білдірді. Соңында Ұлықбек Нұрғисаға шығарған өлеңін оқып, өнер сүйер қауымды қуантса, Динзұхра ата-анасы туралы естелікпен бөлісті. Жиналған жұрт облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізген мерекелік концертті тамашалады. Ұлы Абай айтқандай, құлақтан кіріп, бойды алар әсем ән мен тәтті күй демекші өнерпаздардың әсем әні мен тәтті күйі, құлақтан кіріп бойды алып, құлақтың құрышын қандырды, ләззат сыйлады. Іс-шара біткен соң ел жаңа соғылған мәдениет сарайында өткен облыстық филармония ұжымы ұйымдастырған концертіне қатысты. Көптен мұндай мереке көрмеген жұрт марқайып, рухани байып қайтты. Той тойға ұласты. 10.10.2025 жылы жұма күні Нұрғиса Тілендиевтің туып өскен, кіндік қаны тамған (бұрынғы Шелеккөмер) қазіргі Н.Тілендиев атындағы ауылда да үлкен жаңалықтың куәсі болды. Нұрғисаның құстар қайтып барады әніне сәйкестендіріп жасалған домбыра мен екі аққу ұшқан көрінісі керемет талғаммен, қиялмен жасалған стелла болды. Біріншіден стелла тоғыз жолдың торабында орналасса, екіншіден домбыраның еңесі биік, алып, талғаммен жасалған нұсқасы алыстан

мен мұңдалап көрінеді. Қарай бергің келеді. Стелланың ашылу салтанатына: облыс әкімінің орынбасары Айдар Майлыбаев «ТүрікСОИ» жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, аудан әкімі Қайыржан Жақсымбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмзе Исаев қатысып, лента қиған соң, стеллаға байланысты жылы лебіздерін білдірді. Жиналған жұрт мерекелік концертті тамашалады. Іс-шара біткен соң ауыл әкімінің ұйымдастыруымен Нұрғисаның рухына арнап ас берілді. Осы тұста домбыраның қасиеті туралы айтсақ...

Заңғар ақын Қадыр Мырзалиев: Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра деп домбыраның қасиетті, киелі музыкалық аспап екенін әлемге жар салып кеткен ақын. Домбыраға стелла орнауы да сол айтқанның айғағы емес пе? Тағы бір айтулы оқиғаны еске түсісек, 1936 жылы атақты әнші Әміре Қашаубаев Франция елінің астанасы Парижде өткен 10 күндікте домбыра тартып, айтқан өлеңдерін өнер сүйер қауым орындарынан тұрып қол шапалақтап құрмет көрсетеді. Тіптен біраз адамдар сахна төріне шығып әншіні бастарына көтеріп, домбыраны қолдарына ұстап қызықтаған екен. Бүкіл Еуропа елдері қазақты таныса, домбыра мен өлеңге ерекше сезіммен қошеметтері шексіз болған. Барлық газеттерде домбыраның музыкалық қасиетін, әншінің зор дауысы мен орындау шеберлігі туралы жарыса жазып жатады.

Енді сөз кезегін, өткен күнді еске алып Нұрғиса Тілендиевтің Мойынқұмға сапарына берсек. Жиенқұл Кемелқұлов – Мойынқұм ауданының тумасы, аудандың өсіп-өркендеуіне



бір адамдай атсалысқан, кезінде жауапты қызметтер атқарған, елге сыйлы азамат болатын. Аудандық небір айтулы істердің басы-қасында жүрген, көптеген оқиғалардың куәсі болған кісі. Сол кісінің аузымен айтқан оқиғаны баз қалпында оқырманға жеткізіп отырмын. Жер-ананың құлпырып, табиғат түрленіп, айнала көк майса, алыстан кілем төсегендей, көз жауын алатын 1984 жылдың мамыражай мамыр айының 15-20 аралығы болатын. Ауданға атақты композитор Нұрғиса Тілендиев бастаған «Отырар сазы» фольклорлық құрамында 44 адамы бар ұлт аспаптар оркестрі келді. Олардың концерті аудан орталығы Мойынқұмда, Күмөзек, Кіші Камқалы, Ұланбел елді мекендерінде табысты өтті. Келген күні қонақтарды Мойынқұм (бұрынғы Фурманов) ауылдық кеңесінің төрағасы Естебек Байжанов күтті. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев еңбек демалысына шыққан соң тұған жері Жамбыл ауылында Үкімет тарапынан соғылған тұрғын үйде тұратын. Ертісіне Нұрғиса Тілендиев Жазатаға сәлемдесіп келуге айтпағаны не білдіреді. Арнайы көлікпен Жамбыл ауылына жол тарттық. Нұрғиса Жазекөмнен қазақша құшақтасып көрсе, әйелі Дариға не істерін білмей тұрып қалған еді. Нүрекең өнер адамына тән сезімталдықпен жол тауып кетті. Жазеке мына Дариға руы Жалайыр, қызыңыз болады деп қысқаша таныстырғаны сол-ақ екен, орнынан ұшып тұрып қызым екенсің ғой айналайын деп құшақтап маңдайынан сүйді. Қонақтар аман-саулық сұрасып жайғасқан соң артынан ет келді. Ет желініп, шай ішілген соң Жазата Нұрғисаға қарап, қарақтарым бабалардан «келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады» деген

ұлағатты сөз қалған. Не бұйымтайларың бар дегені сол, Нұрғиса жұлып алғандай, маған сізден еш нәрсенің керегі жоқ, тек келіссеніз сіздің теріңіз сіңген зат керек, төменгі ішкіміңізді (ыстан) берсеңіз тіптен жақсы болар еді. Мәнісін түсінбеген ел аң-таң. Сөйтсек ерлі-зайыптылар ұл балаға зар екен. Осындай бақ қонған нар тұлғадан ырымға зат алу керемет сыйлық екенін жасырмады. Қарияның сарғайған ішкімі қолға тиісімен ерлі-зайыптылар, жігіттер айып етпендіздер деп елдің көзінше алған затты құшырлана иіскеп, беттеріне басты. Естері шығып, балаша қуанды. Отырғандар дастарханға бата сұрап, Нұрғиса мен Дариғаға сәттілік тілеп, орнымыздан тұрдық. Жолда, жол қысқарту мақсатында Нұрғисаны әңгімеге тарттық. Күл алған Нүрекең әңгімешіл екен, басынан өткен оқиғаларды жіпке тізгендей мәнерлеп айта бастады. Алла тағала адамдарға бақ, әулетті аямай берсе, басқа жағынан қысып қояды екен. 1980 жылы, Алматы қаласы маңайындағы шипажайда Бауыржан Момышұлымен демалғанын есіне алды. Онда да ырымға Баукеңнің терің көйлегін сұрап алып, иіскеп, беттеріне басқан. Күй сеніңіз, күй сенбеніз, артынан армандаған ұл бала дүниеге келіп, қуанышқа кенелді. Өкінішке орай, қуанышымыз ұзаққа созылмады. Баланы Алланың өзі беріп, өзі алды деп күрсінген Нұрғиса әңгімесін жалғастырды. Әлі де үмітімізді үзбейміз. Осы ырымнан кейін жаңалық болса хабарласармын. Бәрі бір Алланың қолында. Келесі 1985 жылдың көктем айында Нұрғиса аудан басшысы Айтбай Наздабековтен сүйінші сұрайды. Артынан аудан атынан арнайы көлікпен 1 қойдың етіне, ширек жылқының етін қосып, 1 фляг шұбатпен Алматы қаласына Нұрғиса Тілендиевтің отбасына құтты болсын айтып келдім. Дүниеге Жазылбек есімді ұл келген екен. Алланың ісіне шара бар ма? Кейін ол баланың да о дүниелік болғанын естіп қатты қайғырдық. Қазақта «орнында бар оңалар» деген, артында Динзұхра есімді қызы қалды. Ол да әкесіне тартып өнер жолын таңдады. Жоғарыда аталған ұлт-аспаптар оркестрінің жетекшісі.

Шығыстың ғұлама ақыны Омар Хаям: Жаста өтер дүниеден кәрі де өтер, Баянсыз бұл жалғанның бәрі бекер. Жалғанда мәңгі жасар бір адам жоқ, Кетеміз, кетеді, бәрі де кетеді... – деп жырласа, бұл күнде ұлы композитор Нұрғиса Тілендиев арамызда жоқ, өмірден озған, Хәкім Абай:

Көп адам дүниеге бой алдырған, Бой алдырып, аяғын көп шалдырған. Өйді деуге сия ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?! – деп айтқандай артында мол мұра қалдырған ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевтің есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Қабылан КӨРПЕБАЕВ,
еңбек ардагері, Қазақстан Республикасының
журналистер одағының мүшесі.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫС

КІТАПТАН НӘР АЛҒАН ӨЙ ЖАРЫСЫ

Осы аптада ауданда өткен «Мәдениеттің мәйегі – кітап!» атты зияткерлік сайыс нағыз білім мен тапқырлықтың бәсекесіне айналды. Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған бұл шараға ауданның әр ауылынан келген мектеп оқушылары мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысып, өздерінің білімін, логикалық ойлау қабілетін және сөз тапқырлығын сынға салды. Шараға қатысушы командалардың әділ бағасын беретін қазылар алқасы да болды. Төрағасы Мейірхан Төлеулиев құттықтау сөз сөйлеп, командаларға сәттілік тіледі.



Сайыс «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында өткізілді. Мақсаты – жастарды кітап оқуға, рухани дамуға, мәдениетті сезуге, терең ойға жетелеу. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қазіргі заманда ақпарат тасқыны көп, бірақ соның арасынан білім мен парасатты айырып, өзіне керекін алу – үлкен өнер. Сондықтан да мұндай зияткерлік сайыстардың маңызы зор.

Жарыс алты кезеңнен тұрды: қатысушылар «Сіз білесіз бе?», «Мақал-мәтелдерді жалғастыр», «Қазақ әдебиеті», «Қызықты фактілер» және «Кино әлемі» атты бөлімдерде бақ сынасты. Ақтық кезеңде командалар берілген бір сөздің әріптерінен түрлі сөз шығару керек болды. Әр кезең жастардың жан-жақты білімін, есте сақтау қабілетін және мәдени танымын сарапта салды. Сондай-ақ,

ұйымдастырушылар ұлттық нақышта киінген, командалық бірегей стилі үшін Шығанақ ауылынан келген командалық марапаттады.

Тартысты өткен додада Т.Рысқұлов атындағы тірек мектебі мен Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясының командаларының ұпайлары тең түсті. Теңдік ақтық сұрақ арқылы шешілді. Соңғы сауалға нақты әрі дұрыс жауап берген Т.Рысқұлов атындағы тірек мектебінің командасы жеңімпаз атанды. Ал Шығанақ орта мектебі мен М.Жұмабаев атындағы мектеп-лицейі үшінші орынды өзара бөлісті. Қалған командалар да ынта-жігерлерімен ерекшеленіп, Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Жарысқа қатысқан жастар шарадан ерекше әсер алды. Олар мұндай танымдық ойындар жиі ұйымдастырылып тұрса деген тілектерін білдірді. Себебі бұл тек білім сайысы емес, жастардың бір-бірімен

пікір алмасып, достық қарым-қатынас орнататын алаңы болды.

«Мәдениеттің мәйегі – кітап!» – атауы айтып тұрғандай, білімнің бастауы, мәдениеттің өзегі – кітап екенін еске салды. Кітап оқитын ұрпақ – ойлы ұлттың кепілі. Мұндай бастамалар жас буынды ізденуге, ойлануға және рухани байқауға жетелейді. Әсіресе аудан жастарының белсенділігі мен интеллектуалдық әлеуеті байқалған бұл сайыс, сөзсіз, ауданымыздың рухани өмірінде айтарлықтай серпіліс болды.

Жастардың білімге деген ынтасы, жарыс үстіндегі тапқырлығы мен мәдениетті сөйлеу мәнері – ауданның болашағының жарқын екенін тағы бір дәлелдеді. Кітапқа құмар, сөзге ұста, ойы жүйрік ұрпақ барда ауданымыздың келешегі кемел болмақ.

Айдос ҚОСЫБАЙ,
«Мойынқұм таңы».



САПАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУҒА ӘР АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады. Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын қорғауға және қалпына келтіруге баса назар аударылады.

Ағымдағы жылы Департаментке «Т» есімді азамат мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтарының бұзылғандығы туралы шағымданған болатын. Департаменті мен жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, нәтижесінде «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу» мемлекеттік қызметін көрсетуден негізсіз бас тарту деректері анықталды.

Нақтырақ айтқанда, келісуші органдардың теріс қорытындысына байланысты, сондай-ақ, сұралып отырған жер учаскесінің орнында қоршаудың болуына орай көрсетілген мақсаттар үшін жер учаскесін беру мүмкін еместігіне сілтеме жасалып, қызмет алушыға негізсіз 2 рет бас тартылған.

Көрсетілетін қызметті алушының құ-


қықтарымен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Департамент пен оның бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдау туралы ұсыныс енгізілді.

Департаменттің ден қоюынан кейін қызмет алушыға жер учаскесінің кесіндісі беріліп, оның құқықтары толық қалпына келтірілді.

Естеріңізге сала кетейік, мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартылған және заңды құқықтарыңыз бұзылған жағдайларда, Сіз ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне Тараз қаласы, Рысбек батыр бұрылысы, 8А мекенжайына немесе 8(7262) 43-88-08, 43-88-49 нөмірлеріне, сондай-ақ «EgovKzBot» платформасы және «08.Onay.qyzmet» Телеграм-каналы арқылы хабарласа аласыз.

Өтініші «E-otinish» азаматтарының барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірінші алаңында қоршаудың болуына орай көрсетілген мақсаттар үшін жер учаскесін беру мүмкін еместігіне сілтеме жасалып, қызмет алушыға негізсіз 2 рет бас тартылған.

Көрсетілетін қызметті алушының құ-



Одним из приоритетных направлений деятельности Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Жамбылской области является обеспечение качественного оказания государственных услуг населению. Акцентируется внимание на защите и восстановлении прав услугополучателей.

КАЖДЫЙ ГРАЖДАНИН ИМЕЕТ ПРАВО НА ПОЛУЧЕНИЕ КАЧЕСТВЕННЫХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ

В текущем году в Департамент обратился гражданин «Т» с жалобой о нарушении прав услугодателем при оказании государственной услуги.

В этой связи, Департаментом проведена внеплановая проверка, по результатам которой установлены нарушения, выраженные в необоснованном отказе в оказании государственной услуги «Приобретение прав на земельный участок в черте города республиканского значения, столицы, городов областного и районного значения».

Установлено, что услугодателем дважды принято решение об отказе со ссылкой на отрицательное заключение согласующих государственных органов и наличие ограждения на месте запрашиваемого земельного участка, что не является основанием для отказа в оказании государственной услуги в соответствии с требованиями Закона.

В целях защиты прав и законных интересов услугополучателя Департаментом внесено представление об устранении нарушений и принятии мер, направленных

на восстановление нарушенных прав услугополучателя.

Таким образом, после реагирования Департамента права услугополучателя полностью восстановлены с принятием положительного решения о предоставлении испрашиваемого земельного участка.

Напоминаем, что в случае необоснованного отказа в оказании государственной услуги и нарушения ваших законных прав, вы можете обратиться в Департамент Агентства РК по делам государственной службы по Жамбылской области по адресу: г.Тараз, пер. Рысбек батыра, 8А или позвонить по номерам: 8 (7262) 438808, 438849, а также через платформу «EgovKzBot» и телеграм-канал «08.Onay.qyzmet».

Подать обращение также можно через Единую платформу приема и обработки всех обращений граждан «E-otinish».

Болат КОПДИКБАЕВ,
руководитель Департамента
агентства РК по делам
государственной службы по
Жамбылской области



180 АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗ

- 1.Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.
- 2.Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.
- 3.Хикмет сөздер өзіншіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.
- 4.Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бузды.
- 5.Әкесінің баласы - адамның дұшпаны. Адамның баласы - бауырың.
- 6.Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылып берсең де разы болмас.
- 7.Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.
- 8.Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол - көп, еңдеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.
- 9.Адам баласын заман есіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі.
- 10.Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.
- 11.Дүниеде жалғыз қалған адам - адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңыға кім азбайды?
- 12.Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек - қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?
- 13.Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны.
- 14.Қуанбақтық пен бақ - мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ к...н ашпайтуғын ақылы бойында қалады.
- 15.Егер ісім өңсін десең, ретін тап
- 16.Биік мансап - биік жартас, ерінбей еңбектеп жылдан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады. Жікшіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды.
- 17.Дүние - үлкен көл, заман - соққан жел, алдыңғы толқын - ағалар, артқы толқын - інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер.
- 18.Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық.
- 19.Тоқ тіленші - адам сайтаны, хәрекетсіз - сопы монтаны.
- 20.Жаман дос - көлеңке, басынды күн шалса. Қашып құтыла алмайсың, басынды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың.
- 21.Досы жоқпен сырлас,досы көппен сыйлас.Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.
- 22.Қайратсыз ашу - тұл, тұрлаусыз ғашық - тұл, шәкіртсіз ғалым - тұл.
- 23.Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзін де тілейсің, бағың өскен соң - өзің ғана тілейсің.

БҮГІН – КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ

АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛЫП ӨТТІ

24 қазан – Қазақстанда ресми түрде бекітілген Кітапханашылар күні. Осыған орай аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінде «Кітапхана – білімнің көкжиегі» атты салтанатты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Биыл аудандық кітапхананың құрылғанына да 60 жыл толып отыр.

Мерекелік шараға аудан әкімінің орынбасары Төлеулиев Мейрхан Берікұлы, аудандық мәслихат ұжымы, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Манарбек Көшкімбаев, мәдениет саласының қызметкерлері, ардагер кітапханашылар мен тұрақты оқырмандар қатысты.

Аудан әкімінің орынбасары мерекелік жиында құттықтау сөз сөйлеп, сала қызметкерлеріне алғыс білдірді. Ол көп жылғы жемісті еңбегі үшін Зияқұл Есназарова, Гүлжахан Рысқұлова, Имашева Ғалия Әбілдақызы, Гүлсім Нарбаева, Дария Рысалиева, Меркібаева Сәуләкүл Шамшияқызы, Әлібекова Тамара Әлібекқызы, Сабанбаева Бибікүл Абданбайқызы сынды ардагер кітапханашыларға және Хантау аудандық округінің кітапханасының меңгерушісі Түйешиева Қанат Бүркітбайқызы кәсіби мерекеге орай «Мойынқұм ауданына 60 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды. Сондай ақ, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан қомақты үлесі үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасымен Ысбаева Нұрбәтіш Советханқызы, Алыпбаева Дариякүл Бекқұлы сынды еңбек ардагерлері және аудандық кітапхананың есепшісі Батырбеков Мақсат Қамбарұлы, Ұланбел аудандық округі кітапхананың меңгерушісі Смағұлова Райгүл Алмасбекқызы марапатталды. Одан бөлек «Қазақстандық салалық, мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының Құрмет грамотасымен Айдарлы аудандық филиалының меңгерушісі Сұлтанова Майса Дүкенбайқызы,

«Қазақстандық салалық, мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Алғыс хатымен» Қарабөгет ауылдық филиалының меңгерушісі Ахметжанова Нұршат Алтынділдақызы, «Жамбыл облысы Кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің Құрмет грамотасымен аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Исаева Гүлмира Мәдібекқызы, «Ш.Уалиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директорының «Алғыс хатымен» аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Төлегенова Фарида Байбосынқызы марапатталды.

Кітапхана ісінің дамуына үлес қосып жүрген бірқатар мамандарға аудандық мәслихаттың «Алғыс хаты» аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Жүнісбекова Перизат Төрешқызы, Сарыөзек ауылдық филиалының меңгерушісі Абдралина Гүлмира Бескенқызы, Ақбақай ауылдық филиалының меңгерушісі Утепова Жанар Рысбекқызы, аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Бекенова Назира Серікқызына табысталды.

Жиын барысында «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Манарбек Көшкімбаев сөз алып, кітапханашыларды кәсіби мерекемен құттықтап, аудандық орталық кітапхананың кітапханашылары Байғожаева Айман Жанарбекқызы, Рысбекова Айгүл Жанжарбекқызы, Құмөзек ауылдық филиалының меңгерушісі Иманқұлова Гүлмира Дәуітқызы, Биназар ауылдық филиалының меңгерушісі Әбдірахманова Дамира Жеңісқызы, Бірлік ауылдық филиалының

меңгерушісі Мұрсалы Назгүл Даниярқызы, Құшаман ауылдық филиалының меңгерушісі Ибраева Назгүл Қайратқызы, Шығанақ ауылдық филиалының меңгерушісі Исакова Әсел Махаббатқызы партияның Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мерекелік шарада кітапхананың алғашқы қызметкерлерінің бірі болған ардагер кітапханашы Имашева Ғалия Әбілдақызы кештің құрметті қонағы ретінде сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісті.

Шара барысында кітапхананың 60 жылдық тарихынан сыр шертетін бейнематериал көрсетіліп, оқырман қауымына кітапхана қорында сақталған құнды еңбектері таныстырылды. Статистикалық деректерге сүйенсек, кітапхана алғаш ашылған 1965 жылы 370 оқырманға қызмет көрсетсе, бүгінде бұл көрсеткіш бірнеше есеге өскен.

Сөз алған ардагерлер мен мәдениет майталмандары кітапханашылардың қоғамдағы беделі, рухани тәрбиедегі орны мен маңызын айшықтай отырып, ақ тілектерін жолдады. Өйткені кітапхана – ақпарат орталығы, тәрбие мектебі, ұлттық құндылық қазынашы.

Мерекелік кеш соңында аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Ғалия Бейсебайқызы Шубаева ұжымды кәсіби мерекемен құттықтап, алдағы уақыттағы бірқатар жоспарларымен бөлісті.

Әсел ҚУАНЫШ,
«Мойынқұм таңы».



ХАБАРЛАНДЫРУ

«QazaqGaz барлау және өндіру» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабының 9) тармақшасына сәйкес хабарлайды: 2025 жылғы 4 қарашадан бастап 10 жұмыс күні ішінде (<https://ndbecology.gov.kz/>) порталында қоғамдық тыңдаулар (жария талқылау түрінде) өтеді.

Тыңдаулардың тақырыбы – Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Ұланбел ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ жерінен орман қорындағы жер учаскесін уақытша пайдалану жөніндегі шешім алу жобасы.

Бұл шешім Малдыбай газ және газ конденсаты кен орнында құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу мақсатында, орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды іске асыру үшін қарастырылған.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында танысуға және ескертулер мен ұсыныстар беруге болады.

Қосымша ақпарат: тел. 8 707 676 7982, e-mail: 9972181@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Разведка и добыча QazaqGaz» сообщает, что в соответствии с подпунктом 9) статьи 87 Экологического кодекса Республики Казахстан, с 4 ноября 2025 года в течение 10 рабочих дней на портале (<https://ndbecology.gov.kz/>) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения.

Тема слушаний – проект получения решения о временном пользовании земельным участком из государственного лесного фонда КГУ «Уланбелское учреждение по охране лесов и животного мира» Управления природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области.

Данное решение необходимо для проведения строительно-монтажных работ на месторождении газа и газового конденсата «Малдыбай», не связанных с ведением лесного хозяйства и лесопользованием.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://ndbecology.gov.kz/> и направить замечания и предложения. Дополнительная информация: тел. 8 707 676 7982, e-mail: 9972181@mail.ru



Құрметті оқырман! Алдағы мереке күндеріне байланысты газетіміздің келесі саны 31 қазан жұма күні шығады.

АҚ ТІЛЕК

ӘКЕМІЗ – ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ, АНАМЫЗ – ӨУЛЕТТІҢ БЕРЕКЕСІ

Ауылымыздың үлгілі отбасы саналатын, сый-құрметке бөленген жанұяның отағасы, әкеміз Елубай Қуантаев әкеміз 75 жасқа, ал өмірлік серігі, көпбалалы ана, сүйікті әже анамыз Дариға Егімбаева 65 жасқа толып отыр.

Әкеміз – ақылы дария, сөзге тоқтаған, сөзін сыйлаған, еңбекпен есейген азамат. Өмір жолында адалдық пен еңбекті ту етіп, жастық шағында маңдай терін төгіп, шаңырақтың берік іргесін қалады. Ұрпағына имандылық, ынсап, сыпайылық пен ізеттілік қасиеттерін дарытты.

Ағайын-бауырға қорған, көршісіне сыйлы, ауылдасқа арқа сүйер тірек бола білді. Көңілі кең, ниеті таза, сөзін де, ісін де орнықты айтатын парасат иесі.

Ардақты әкеміз – шаңырақтың шырағын өшірмей, отаудың отын маздатқан еңбек адамы. Оның өмір жолы – бүгінгі жасқа тәлім, ертеңгі ұрпаққа өнеге. Әкеміз біздің мақтанышымыз, алып бәйтерегіміз, жаны жайсаң, мейірімі күндей, ерекше жаратылған жан. Ардақты әкеміз бен анамыз сегіз баланы тәрбиелеп өсіріп, 28 немереге мейірім төккен, жүрегі кең алтын жүректей ана. Қиындыққа мойымай, сабырмен жеңе білген, дастарханы берекелі, пейілі теңіздей дархан.

Балаларының жүрегіне иман мен ізгіліктің дәнін сеуіп, немерелеріне тәрбиенің үлгісін көрсете білді. Анаға тән мейірімділікті, әжеге тән даналықты бойына тоқыған анамыздың жарасымды жұбы – сыйластық пен салауаттың жарқын көрінісі. Екеуі бірге өткерген жылдар – табандылықтың, сабырдың, махаббаттың мектебі. Олардың тәрбиелі ұрпағы – ата жолын жалғар, елге қызмет етер азаматтар. Дендеріңізге саулық, ғұмырларыңызға береке, шаңырақтарыңызға амандық, жүректеріңізге тыныштық берсін. Немере-шөбере қызығын көріп, күт-береке ордасы болып отыра беріңіздер!

Қуаныштарыңыз көбейіп, Жастарыңыз мерейімен тола берсін!

Ізгі тілекпен: ұлдары-келіндері, қыздары-құйеубалалары, немерелері, жиендері.



МАМАН СӨЗ АЛАДЫ

ӨНДІРІСТІК БАҚЫЛАУ ДЕГЕН НЕ?

Өндірістік бақылау – өндірілетін өнімнің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің адам және оның тіршілік ету ортасына келтіретін қаупі мен зиянды әсерін болдырмауға бағытталған іс-шаралар мен зертханалық зерттеулер мен сынақтар кешені.



Жеке және заңды тұлғалар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 90-бабының 4-тармағына сәйкес өздерінің қызметіне қарап өндірістік бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Өндірістік бақылауды жүзеге асыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыруды дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар жүргізеді.

Өндірістік бақылау мыналарды қамтиды: Өндірістік бақылау бағдарламасын дайындау. Өндірістің адамға және оның денсаулығына әсер етуін бағалау.

Медициналық қарап тексеруден, гигиеналық оқытудан өтудің уақтылығын және толықтығын бақылау, жеке медициналық кітапшаларды есепке алу.

Өнімнің қауіпсіздігі мен сәйкестігін растайтын құжаттардың бар болуын. Тәуекел факторларын бағалау, сыни нүктелерді айқындау.

Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға байланысты құжаттаманы есепке алу, есептілігін жүргізу.

Халықты, жергілікті атқарушы органдарды, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарын авариялық жағдайларда, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық

саламаттылығына қатер төндіретін жаппай (3 және одан көп жағдайлар) инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулардың пайда болу жағдайлары туралы хабардар ету схемасын дайындау.

Гигиеналық талаптардың сақталуын, микробиологиялық, химиялық, токсикологиялық, вирусологиялық, радиологиялық, биологиялық қауіп-қатерлер мен бөтен қосылыстарды жою мен азайтудың уақтылығын бақылау.

Өндірістік бақылау бағдарламасын жеке кәсіпкер, заңды тұлғалар өздері немесе санитариялық-эпидемиологиялық аудитті іске асыратын мамандарды тарту арқылы жүзеге асырады.

Өндірістік бақылау бағдарламасы қызмет түрі өзгерген кезінде қайта қаралады.

Аспаптық және зертханалық зерттеулер, өндірістік зертхана базасында акредиттеу аттестатасы бар зертханада, сынақ орталықтарында жүргізіледі.

К.ИСАЕВА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау бөлімінің бас маманы.



Бас директор - Олжас ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор - Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:

"Мойынқұм аудандық
"Мойынқұм таңы" газетінің
редакциясы" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы,
Амангелді көмесі
№68 "Г"

ТЕЛЕФОНДАР:
Бас редактор
2-49-30 /факс/
Бас редактордың
орынбасары 2-14-06
Тілші 2-49-11

Газет аптасына 2 рет сейсенбі,
жұма күндері шығады. Редакция автордың қозғалысы мен
жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа
жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі»
ЖШС баспаханасында басылады.
Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б.
Есеп шот: KZ66501A161000012151, АҚ "Halyk Bank"

Газет Қазақстан
Республикасының Мәдениет
және Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
№12952-Г куәлік берілген
(02.08.2012ж. Астана қаласы)